

## **"Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 сәуірдегі N 489 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Жоба**

## **"Бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы**

Осы Заң бәсекелестікті қорғау саласы бойынша қатынастарды реттейді және ұлттық экономиканың тиімді жұмыс істеуі үшін жағдайлар қамтамасыз ете отырып, бәсекелестікке қарсы келісімдерге және келісілген іс-әрекеттерге, үстем жағдайын теріс пайдалануға, шамадан тыс экономикалық шоғырлануға тыйым салу, шектеу және бақылау жолымен әділ және еркін бәсекелестікке жәрдемдесу.

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

#### **1-бап. Осы Заңда қолданылатын негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) бірін-бірі алмастыратын тауарлар - олардың функционалдық мақсаты, қолданылуы, сапалық және техникалық сипаттамалары, бағасы және басқа да өлшемдері бойынша салыстыруға болатын, сол себептен сатып алушы оларды тұтыну процесінде іс жүзінде оларды ауыстыруға даяр тауарлар тобы;
- 2) ақпарат - кез келген жеткізгіштерде сақталған, кез келген нысандағы және түрдегі мәліметтер (оның ішінде хат-хабар, кітаптар, белгілер, суреттеулер (карталар, диаграммалар, суреттер, сызбалар және сол сияқты), фотосуреттер, голограммалар, кино, бейне, микрофильмдер, дыбыс жазбалары, компьютер жүйелерінің дерекқоры немесе олардың элементтерін толық не ішінара жаңғырту), тұлғалардың түсіндірмелері және басқа да кез келген халыққа жарияланған немесе құжатталған мәліметтер;
- 3) монополистік қызмет - рынок субъектілерінің бәсекелестікке қарсы келісімі (келісілген іс-әрекеті), үстем жағдайды теріс пайдалану, мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттері;

4) бәсекелестік - рынок субъектілерінің басымдықтар алу мақсатындағы жарыстастығы, оның салдарынан рыноктың жеке субъектісі тиісті тауар рыногында тауарлар айналысы жағдайын айқындай алмайды;

5) рынок субъектілері - тауарларды өндіру, өткізу және иелену жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар және олардың бірлестіктері, сондай-ақ дербес немесе басқа тұлғалармен кәсіпкерлік қызметті бірлесіп жүзеге асыратын жеке тұлғалар;

6) тауар - қызметтің сатуға немесе айырбастауға арналған өнімі, оның ішінде ж ұ м ы с т а р және қ ы з м е т т е р ;

7) тауар рыногы - сатып алушының тауарды тиісті аумақта иеленуге экономикалық мүмкіндігін негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның бөлігіндегі тауардың немесе бірін-бірі алмастыратын тауарлардың айналыс аясы;

8) бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

## **2-бап. Заңның қолданылу аясы**

Осы Заң Қазақстан Республикасының тауар рыноктарындағы бәсекелестікке ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін қатынастарға қолданылады.

## **3-бап. Бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы**

1. Бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және "Теріс пиғылды бәсекелестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңынан, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық к е с і м д е р і н е н т ұ р а д ы .

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

## **2-тарау. Уәкілетті органның міндеттері, функциялары мен өкілеттілігі**

### **4-бап. Уәкілетті орган**

1. Уәкілетті органның жүйесін бәсекелестікті қорғау жөніндегі орталық мемлекеттік орган, оған бағынышты аумақтық органдары мен бәсекелестікті қорғау жөніндегі (республикалық маңызы бар қалалар, астаналар) облыстық атқарушы органдар құрады. Аумақтық органдар өз қызметін бәсекелестікті қорғау жөніндегі орталық мемлекеттік орган белгілеген құзырет шегінде жүзеге асырады.

2. Бәсекелестікті қорғау жөніндегі орталық мемлекеттік орган туралы ереже, сондай-ақ оның құрылымы мен жалпы штат саны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

3. Бәсекелестікті қорғау жөніндегі орталық мемлекеттік органдары Төраға (жеке орган) және Басқарма (алқалы орган) болып табылады. Органдардың өкілеттілігі бәсекелестікті қорғау жөніндегі орталық атқарушы орган туралы ережеде айқындалады.

#### **5-бап. Уәкілетті органның міндеттері**

Уәкілетті органның міндеттері:

- 1) монополистік қызметтің алдын алу, шектеу және тыю;
- 2) бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы Қазақстан Республикасы заңнаманың сақталуын бақылау;
- 3) экономикалық шоғырлануды бақылау;
- 4) тауар рыноктарындағы бәсекелестік қатынастарды қалыптастыруға және тиімді жұмыс істеуіне көмектесу болып табылады.

#### **6-бап. Бәсекелестікті қорғау жөніндегі орталық мемлекеттік органның және бәсекелестікті қорғау жөніндегі (республикалық маңызы бар қалалар, астаналар) облыстық атқарушы органдардың функциялары**

Бәсекелестікті қорғау жөніндегі орталық мемлекеттік орган жүктелген міндеттерге сәйкес өз құзыреті шегінде мынадай қызметтерді орындайды:

- 1) екі немесе одан көп облыстардың (республикалық маңызы бар астаналар) аумағын өзіне қосатын тауар рыноктарына бақылауды жүзеге асырады;
- 2) Қазақстан Республикасының Президентіне, Парламентіне және Үкіметіне жекелеген тауар рыноктарындағы бәсекелестіктің жай-күйі және өзінің қызметі туралы жы л д ы қ е с е п ж о л д а й д ы ;
- 3) бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу және тауар рыноктарында бәсекелестікті дамыту жөнінде оны қолдану практикасы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде шаралар әзірлейді және ұсынады;
- 4) тауар рыногының жұмыс істеуіне, бәсекелестікті дамытуға, баға түзу мәселелеріне қатысты нормативтік құқықтық кесімдер жобаларын келіседі;
- 5) тауар рыногындағы бәсекелестік жағдайын анықтау және тауар рыногында бәсекелестікті шектейтін және монополистік қызметті жүзеге асыратын рынок субъектілерін анықтау мақсатында талдау жүргізеді;
- 6) бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу жөнінде мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;
- 7) мемлекеттік органдармен және шетел мемлекеттері ұйымдармен, халықаралық ұйымдармен өзара әрекет ету және ынтымақтастықты, сондай-ақ уәкілетті органның құзыретіне қатысты мәселелер бойынша халықаралық жобалар мен бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысуды ұйымдастырады.

2. Бәсекелестікті қорғау жөніндегі облыстық (республикалық маңызы бар қалалар,

астаналар) атқарушы орган өз құзыреті шегінде мынадай функцияларды орындайды:

1) тауар рыноктарына осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілгеннен басқа бақылауды жүзеге асырады;

2) бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу және тауар рыноктарында бәсекелестікті дамыту жөнінде оны қолдану практикасы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде шаралар әзірлейді және ұсынады;

3) тауар рыногындағы бәсекелестік жағдайын анықтау және тауар рыногында бәсекелестікті шектейтін және монополистік қызметті жүзеге асыратын рынок субъектілерін анықтау мақсатында талдау жүргізеді;

4) бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу жөнінде мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырады.

### **7-бап. Уәкілетті органның өкілеттігі**

1. Бәсекелестікті қорғау жөніндегі орталық мемлекеттік орган:

1) мемлекеттік органдар мен рынок субъектілері орындауға міндетті бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының мәселелері бойынша нормативтік құқықтық кесімдер әзірлеуге және бекітуге;

2) бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын, мемлекеттік органдардың, рынок субъектілерінің олар белгілеген тәртіптің сақталу мәселелері бойынша тексеру жүргізуге;

3) рынок субъектілеріне орындау үшін міндетті осы Заңды бұзушылықтарды тоқтату және (немесе) олардың салдарларын жою туралы, алғашқы жағдайын қалпына келтіру туралы, олардың құрылымдық бөлімшелерінің олардың құрамынан еріксіз бөлу немесе бөліп шығару туралы, осы Заңға қайшы шарттарды бұзу немесе өзгерту туралы, рыноктың басқа субъектісімен шарт жасасу туралы нұсқама беруге;

4) мемлекеттік органдарға орындау үшін міндетті олар қабылдаған заңсыз кесімдерді алып тастау немесе өзгерту туралы, бұзушылықтарды тоқтату туралы, сондай-ақ осы Заңға қайшы олар жасаған келісімдерді бұзу немесе өзгерту туралы нұсқамалар беруге;

5) рынок субъектілерін және олардың басшыларын, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларын бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы заңнаманы бұзғандықтары үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдауға;

6) сотқа талап-арызбен және арызбен жүгінуге, сондай-ақ соттың бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын қолдануға және бұзуға байланысты істерді қарау процесіне қатысуға;

7) құқық қорғау органдарына бәсекелестікті және монополистік қызметті шектеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға байланысты қылмыс белгілері бойынша қылмыстық істерді қозғау туралы мәселені шешу үшін материалдар жіберуге;

8) бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының мәселесі бойынша түсініктеме беруге;

9) мемлекеттік органдарға тауар рыногында бәсекелестікті дамытуға бағытталған іс-шараларды өткізу бойынша ұсынымдар беруге;

10) мемлекеттік органдардың, рынок субъектілерінің және олардың лауазымды тұлғаларының бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғандықтарына тергеу жүргізуге;

11) рынок субъектілерінің үй-жайына және аумағына Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып кіруге кедергісіз рұқсат алуға;

12) өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында мемлекеттік органдардан, рынок субъектілерінен және олардың лауазымды және өзге де тұлғаларынан Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген коммерциялық, банктік және өзге заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылған талаптарды сақтай отырып ақпарат сұратуға және алуға;

13) келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтініштерді қарау тәртібін белгілеуге құқылы.

2. Бәсекелестікті қорғау жөніндегі облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, астаналар) атқарушы орган өз құзыреті шегінде мыналарды:

1) бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын, мемлекеттік органдардың, рынок субъектілерінің бәсекелестікті қорғау жөніндегі орталық мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен сақтау мәселелері бойынша тексеру жүргізуге;

2) рынок субъектілеріне орындау үшін міндетті осы Заңды бұзушылықтарды тоқтату және (немесе) олардың салдарларын жою туралы, алғашқы жағдайын қалпына келтіру туралы, олардың құрылымдық бөлімшелерінің олардың құрамынан еріксіз бөлу немесе бөліп шығару туралы, осы Заңға қайшы шарттарды бұзу немесе өзгерту туралы, рыноктың басқа субъектісімен шарт жасасу туралы нұсқама беруге;

3) мемлекеттік органдарға орындау үшін міндетті, олар қабылдаған заңсыз кесімдерді алып тастау немесе өзгерту туралы, бұзушылықтарды тоқтату туралы, сондай-ақ осы Заңға қайшы олар жасаған келісімдерді бұзу немесе өзгерту туралы нұсқалар беруге;

4) рынок субъектілерін және олардың басшыларын, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларын бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы заңнаманы бұзғандықтары үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдауға;

5) сотқа талап-арызбен және арызбен жүгінуге, сондай-ақ соттың бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын қолдануға және бұзуға байланысты істерді қарау процесіне қатысуға;

б) құқық қорғау органдарына бәсекелестікті және монополистік қызметті шектеу

туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға байланысты қылмыс белгілері бойынша қылмыстық істерді қозғау туралы мәселені шешу үшін материалдар жіберуге;

7) мемлекеттік органдарға тауар рыногында бәсекелестікті дамытуға бағытталған іс-шараларды өткізу бойынша ұсынымдар беруге;

8) мемлекеттік органдардың, рынок субъектілерінің және олардың лауазымды тұлғалардың бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарға тергеу жүргізуге;

9) рынок субъектілерінің үй-жайына және аумағына Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып кіруге кедергісіз рұқсат алуға;

10) өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында мемлекеттік органдардан, рынок субъектілерінен және олардың лауазымды және өзге де тұлғаларынан Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген коммерциялық, банктік және өзге заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылған талаптарды сақтай отырып ақпарат сұратуға және алуға.

3. Бәсекелестікті қорғау жөніндегі орталық мемлекеттік орган:

1) жеке және заңды тұлғалардың оның құзыретіне қатысты мәселелер бойынша үндеулерін қарауға және арызданушыларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде қабылданған шешімдер туралы хабарлауға;

2) коммерциялық, банктік және өзге заңмен қорғалатын құпияны құрайтын алынатын мәліметтердің, сондай-ақ жүктелген міндетті орындау кезінде алынған басқа ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

4. Бәсекелестікті қорғау жөніндегі облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, астаналар) атқарушы органдар өз құзыреті шегінде:

1) жеке және заңды тұлғалардың оның құзыретіне қатысты мәселелер бойынша үндеулерін қарауға және арызданушыларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде қабылданған шешімдер туралы хабарлауға;

2) коммерциялық, банктік және өзге заңмен қорғалатын құпияны құрайтын алынатын мәліметтердің, сондай-ақ жүктелген міндетті орындау кезінде алынған басқа ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуге.

### **3-тарау. Монополистік қызмет**

#### **8-бап. Рынок субъектілерінің бәсекелестікке қарсы келісімдері (келісілген іс-әрекеттері)**

Рынок субъектілерінің арасында кез келген нысандағы қол жеткізген келісімдері (келісілген іс-әрекеттері) нәтижесінде бәсекелестікті шектейтін не шектей алатын болса мынадай келісімдер (келісілген іс-әрекеттер) оның ішінде:

1) бағаны не тауарларды сатып алудың немесе өткізудің басқа шарттарын белгілеу;

2) бағаны көтеру, төмендету немесе ұстау не сауда-саттыққа қатысушылардың арасында өзге келісімдердің нәтижесінде сауда-саттық қорытындыларын бұрмалау;

3) тауар рыноктарын аумақтық қағидат, тауарлардың түр-түрі, оларды өткізу немесе сатып алу көлемі бойынша, сатушылар немесе сатып алушылар тобы бойынша не басқа белгілер бойынша бөлуге;

4) квоталауды қоса алғанда, тауарларды өндіру не өткізуді шектеуге;

5) белгілі бір сатушылармен не сатып алушылармен шарт жасасудан негізсіз бастартуға;

6) тауар рыногына кіруді шектеуге немесе одан белгілі бір тауарлардың сатушылары немесе олардың сатып алушылары ретіндегі рыноктың басқа субъектілерін ығыстыруға;

7) тең келісімдерге басқа субъектілерге кемсітушілік жағдайларын қолдануға;

8) рыноктың басқа субъектілерінің мазмұны бойынша немесе іскер айналым дәстүріне сай осы келісімдер мәніне қатысы жоқ қосымша міндеттемелер қабылдаған жағдайда келісімдер жасасуға тыйым салынады және олар заңдарда белгіленген тәртіппен толығымен немесе ішінара жарамсыз деп танылады.

### **9-бап. Рынок субъектілерінің рұқсат етуі мүмкін келісімдері (келісілген іс-әрекеттері)**

Рынок субъектілерінің осы Заңның 8-бабында көзделген келісімдері (келісілген іс-әрекеттері) рынок субъектілерінің тиісті тауар рыногындағы теріс салдарға байланысты келісімдердің (келісілген іс-әрекеттердің) оң әсерін жоғарылату туралы негіздемені және дәлелдемені ұсыну жағдайда осы Заңда көзделген тәртіпке сәйкес уәкілетті органмен рұқсат етілуі мүмкін.

### **10-бап. Кейбір құқықтарға қатысты келісімдер (келісілген іс-әрекеттер)**

Осы Заңның 8-бабында көзделген шектеулер:

1) лицензиялық шарттар;

2) кешенді кәсіпкерлік лицензия шарттары (франчайзингі);

3) технологияны берумен байланысты шарттар;

4) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрастыру жұмыстарындағы кооперация туралы шарттар бойынша келісімдерге (келісілген іс-әрекеттерге);

5) интеллектуалды меншік объектілеріне арналған құқықтарды беруге байланысты өзге шарттарға қолданылмайды.

### **11-бап. Тұлғалар тобы**

1. Тұлғалар тобы оларға қатысты мынадай шарттардың бірі орындалатын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жиынтығы болып табылады:

1) келісім (келісілген іс-әрекеттер) нәтижесінде бірлесіп тікелей немесе жанама (үшінші тұлғалар арқылы) түрде заңды тұлғаның жарғылық капиталын құрайтын акцияларға (үлестерге, пайларға) келетін дауыстардың жалпы санының жиырма бес

пайыздан астамына билік етуге құқығы бар тұлға немесе бірнеше тұлғалар;

2) басқа тұлғамен немесе тұлғалармен қабылданатын шешімдерді шарт негізінде немесе басқаша айқындауға, оның ішінде басқа тұлғаның немесе тұлғалардың кәсіпкерлік қызметті жүргізу жағдайын айқындауға не атқарушы органның өкілеттіктерін жүзеге асыруға мүмкіндік алған тұлға немесе бірнеше тұлғалар;

3) екі және одан да көп заңды тұлғалардың атқарушы органы және (немесе) директорлар кеңесі (байқаушы кеңесі) құрамының елуден астам пайызын құрайтын сол бір жеке тұлғалар, олардың жұбайлары, жақын туыстары, жекжаттары;

4) екі немесе одан да көп заңды тұлғалармен қабылданатын шешімдерді шарт негізінде немесе басқаша айқындауға, оның ішінде осы тұлғалардың кәсіпкерлік қызметті жүргізу жағдайын айқындауға, не олардың атқарушы органдарының өкілеттіктерін жүзеге асыруға мүмкіндік алған сол бір жеке тұлғалар, олардың жұбайлары, жақын туыстары, жекжаттары және (немесе) заңды тұлғалар;

5) бір мезгілде заңды тұлға түрінде еңбек міндеттерін атқаратын жеке тұлғалар: атқарушы органның және (немесе) басқа заңды тұлғаның директорлар кеңесінің (байқаушы кеңесінің) құрамының елу және одан көп пайызын білдіретін;

басқа заңды тұлғалармен қабылданатын шешімдерді шарт негізінде немесе басқаша айқындауға, оның ішінде осы тұлғалардың кәсіпкерлік қызметті жүргізу жағдайын айқындауға, не олардың атқарушы органдарының өкілеттіктерін жүзеге асыруға мүмкіндік алған ;

6) сол бір жеке тұлғалар, олардың жұбайлары, жақын туыстары, жекжаттары және (немесе) заңды тұлғалар дербес немесе өкілдері арқылы екі және одан көп заңды тұлғаның әрқайсысының жарғылық капиталын құрайтын акцияларға (үлестерге, пайларға) келетін дауыстардың жалпы санының жиырма бес пайыздан астамына билік етуге құқығы бар ;

7) дербес немесе - өкілдері арқылы бір заңды тұлғаның жарғылық капиталын құрайтын акцияларға (үлестерге, пайларға) келетін дауыстардың жалпы санының жиырма бес пайыздан астам мөлшеріне билік етуге құқығы бар жеке тұлғалар және (немесе) заңды тұлғалар, осы жеке тұлғалар, олардың жұбайлары, жақын туыстары, жекжаттары не көрсетілген заңды тұлғалардың өкілдері бір мезгілде басқа заңды тұлғаның атқарушы органы және (немесе) директорлар кеңесі (байқаушы кеңесі) немесе өзге орган құрамының елу пайыздан астамына ие жеке тұлғалар және (немесе) заңды тұлғаларды білдіреді.

2. Осы Заңның мақсаттары үшін тұлғалар тобы рыноктың біртұтас субъектісі ретінде қарастырады.

### **12-бап. Үстем жағдай**

1. Үстем жағдай рынок субъектісінің немесе рыноктың бірнеше субъектілерінің оған (оларға) тиісті тауар рыногындағы белгілі бір тауар айналысының жалпы жағдайына шешуші ықпал етуіне мүмкіндік беретін жағдайы болып танылады.



2. Тиісті тауар рыногындағы үлесі отыз бес пайыздан аспайтын рынок субъектісінің жағдайы, рыноктың бірнеше субъектілерінің әрқайсысының жағдайы үстем болып саналған жағдайдан басқа жағдайларда, егер оларға қатысты мынадай талаптар о р ы н д а л с а :

белгілі бір тауар рыногындағы ең көп үлеске ие рыноктың үштен көп емес субъектісінің жиынтық үлесі елу және одан көп пайызды құраса;

белгілі бір тауар рыногындағы ең көп үлеске ие рыноктың төрттен көп емес субъектісінің жиынтық үлесі жетпіс және одан көп пайызды құраса үстем болып танылмайды.

### **13-бап. Үстем жағдайды теріс пайдалану**

Үстем жағдайға ие рынок субъектісінің тиісті тауар рыногына кіруін шектейтін не бәсекелестікті шектейтін іс-әрекеттеріне, оның ішінде мынадай іс-әрекеттерге:

1) рынокта елеулі бәсекелестік болған жағдайда белгілеуге мүмкін болмаған тауарды сатып алудың немесе өткізудің бағаларын не басқа жағдайларды белгілеу;

2) әртүрлі бағаны не субъектілермен бірдей келісімдерге объективті расталған себептерсіз әртүрлі жағдайлар қолдану;

3) одан сатып алынған тауарларды аумақтық белгілері, сатып алушылар тобы, сатып алу талаптары, сондай-ақ саны, бағасы бойынша қайта сатуға шектеулер белгілеуге ;

4) мазмұны бойынша немесе іскер айналым дәстүріне сай осы келісімдерге қатысы жоқ рынок субъектісінің қосымша міндеттемелерді қабылдау келісімінің қ о р ы т ы н д ы с ы н ш а р т т а с у ғ а ;

5) тиісті тауарды өндіру немесе өткізу мүмкіндігі бар кезде жеке сатып алушылармен шарт жасаудан негізсіз бас тартуға;

6) бәсекелестер өндіретін не өткізетін тауарларды сату бойынша шектеулер қабылдаумен тауарларды жеткізуді шарттасуға;

7) сұраныс немесе тұтынушылар тапсырысы бар тауарларды оларды залалсыз өндіру мүмкіндігі болған жағдайда, өндіруді немесе өткізуді шектеуге тыйым салынады және жарамсыз деп танылады.

### **14-бап. Мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттері**

1. Мемлекеттік органдардың бәсекелестікті шектеуге алып келген немесе алып келуі мүмкін кесімдерді не шешімдерді қабылдауы, жазбаша не ауызша нұсқаумалар беруі, келісімдер жасасу немесе өзге де кез келген іс-әрекеттері бәсекелестікке қарсы і с - ә р е к е т т е р б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттері, атап айтқанда:

1) қызметтің кез келген саласында рынок субъектісінің құрылуына тыйым салу не кедергі болу, сондай-ақ қызметтің кейбір түрлерін жүзеге асыруға, тауарлардың кейбір түрлерін өндіруге, сатып алуға немесе өткізуге тыйым салу;

2) рынок субъектілерін шарттарды басымдықпен жасасуға, тауарларды тұтынушылардың белгілі бір тобына бірінші кезекте жеткізуге не белгілі бір сатушылардан бірінші кезекте сатып алуға тікелей немесе жанама мәжбүрлеу;

3) тауарларды бір орталықтан бөлуге, сондай-ақ рыноктарды рынок субъектілерінің арасында аумақтық қағидат, тауарлардың түр-түрі, оларды өткізу немесе сатып алу көлемі бойынша немесе тұтынушылар немесе сатушылар тобы бойынша бөлуге бағытталған кез келген іс-әрекеттер;

4) белгілі бір тауарларды Қазақстан Республикасының бір өңірінен екінші өңіріне өткізуге (әкетуге) тыйым белгілеу;

5) рыноктың жеке субъектілеріне бәсекелестерге қатысты артықшылықты жағдайға қоятын, бәсекелестікті шектеуге алып келетін немесе алып келуі мүмкін жеңілдіктерді немесе басқа артықшылықтарды беру;

6) рыноктың жеке субъектілерінің бәсекелестермен салыстырғанда қызметтің қолайсыз немесе кемсітушілік жағдайларын жасағаннан туындайтын іс-әрекеттер;

7) рынок субъектісінің дербестігіне, оның ішінде тауарларды сатып алуға немесе өткізуге, баға түзуге, қызмет бағдарламаларын қалыптастыруға және дамытуға, табысты иеленуге қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген тыйым салулар мен шектеулер белгіленетін іс-әрекеттер болып танылады.

3. Мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттер жасауына Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде көзделген жағдайлардан басқа ретте тыйым салынады.

## **4-тарау. Экономикалық шоғырлануға мемлекеттік бақылау**

### **15-бап. Экономикалық шоғырлану**

1. Үстем жағдайды теріс пайдалануды немесе бәсекелестікті шектеуді болдырмау мақсатында уәкілетті орган осы Заңның 16-бабында көзделген жағдайларда экономикалық шоғырлануға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

### **2 . М ы н а л а р :**

1) рынок субъектілерін құру, қосу немесе біріктіру;

2) рынок субъектісінің жарғылық капиталындағы дауыс беру құқығы бар акцияларды (үлестерді, пайларды) тұлғаның (тұлғалар тобының) иеленуі, бұл жағдайда мұндай тұлға (тұлғалар тобы) аталған акциялардың (үлестердің, пайлардың) жиырма бес пайыздан астамына билік етуге құқық алуы;

3) егер мәміле мәнін құрайтын мүліктің баланстық құны мүлікті иелігінен шығарып отырған рынок субъектісінің негізгі өндірістік құралдары мен материалдық емес активтердің баланстық құнының он пайызынан асса, рыноктың бір субъектісінің (тұлғалар тобының) рыноктың басқа субъектісінен негізгі құралдары немесе материалдық емес активтерді меншікке алуы немесе пайдалануы;

4) рынок субъектісінің рыноктың басқа субъектісіне кәсіпкерлік қызметке қатысты олар үшін міндетті нұсқаулар беруге не атқарушы органның функцияларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін өзге құқықтарды (оның ішінде келісімдер, шарттар, тапсырмалар арқылы немесе өзге тәсілмен) алуы;

5) рыноктың екі және одан да көп субъектілерінің атқарушы органдарының, директорлар кеңесінің (байқаушы кеңестердің) сол бір жеке тұлғаларының қатысуы экономикалық шоғырлану деп танылады.

М ы н а л а р :

1) рынок субъектісінің акцияларын (үлестерін, пайларын) қаржы ұйымдарының алуы, егер осы алу көрсетілген тұлға рынок субъектісінің басқару органында дауыс беруге қатыспайтын талаппен оларды кейін қайта сатумен жүзеге асырылатын болса;

2) оңалту немесе конкурстық басқарушыны, уақытша әкімшілікті (уақытша әкімшіні) тағайындау экономикалық шоғырлану болып саналмайды.

### **16-бап. Экономикалық шоғырлануға рұқсат алу қажет кездегі жағдайлар**

1. Егер тиісті мәмілеге қатысушы тұлғалардың активтерінің баланстық құны немесе соңғы қаржы жылында тауарларды өткізудің жиынтық көлемі айлық есептік көрсеткіштің, қаржы ұйымдары қатысқан экономикалық шоғырлану жағдайларынан басқа, бір жарым миллион есе мөлшерінен асқан жағдайда, экономикалық шоғырлану уәкілетті органның шешімін алған жағдайда, жүзеге асырылады.

2. Экономикалық шоғырлануға қаржы ұйымдарының қатысуымен рұқсат алу қаржы ұйымы активтерінің құны не өз капиталының көлемі бәсекелестікті қорғау жөнінде орталық мемлекеттік орган қаржы рыноктарын және қаржы ұйымдарын реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органмен бірлесіп белгілеген мөлшерден асқан жағдайда жүзеге асырылады.

3. Егер активтердің құны не қаржы ұйымының жеке капиталының шамасы уәкілетті орган қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органмен бірлесіп белгілеген мөлшерден асқан жағдайда қаржылық ұйымдар қатысатын экономикалық шоғырлануға рұқсат алу қажет.

4. Осы баптың 1-тармағына сәйкес тауарларды өткізу көлемдерін есептеген кезде қосылған құн салығының, акциз сомасын алып тастағанда экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтініш берген жылдың алдындағы соңғы қаржы жылы үшін тауарларды өткізуден түскен табыс (ақшалай түсім) сомасы пайдаланылады.

### **17-бап. Экономикалық шоғырлануға рұқсат беру**

1. Уәкілетті орган экономикалық шоғырлануға, егер ол рынок субъектісінің үстем жағдайын белгілеуге немесе күшейтуге және (немесе) бәсекелестікті шектеуге алып келмейтін жағдайда рұқсат береді.

2. Уәкілетті орган, егер тиісті мәмілеге қатысушы олардың іс-әрекеттерінен болған оңды тиімділік тиісті тауар рыногында жағымсыз салдарларға асып түскен жағдайда,

бәсекелестікті шектеу мүмкіндігі кезінде экономикалық шоғырлануға рұқсат беруге құқылы.

## **5-тарау. Экономикалық шоғырлану келісіміне (келісілген іс-әрекетке) рұқсат беру туралы өтініштерді және алдын-ала қорытынды ұсыну туралы арыздарды қарау**

### **18-бап. Рынок субъектілерінің экономикалық шоғырлану келісіміне (келісілген іс-әрекетке) рұқсат беру туралы өтініштер ұсыну**

1. Келісім жасасуға (келісілген іс-әрекетті жүзеге асыруға), экономикалық шоғырлануды жүзеге асыруға ниеттенген рынок субъектілері уәкілетті органға:

- 1) келісімге (келісілген іс-әрекетке) рұқсат беру туралы;
- 2) экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтінішпен жүгінеді.

Келісімдерге (келісілген іс-әрекеттерге), экономикалық шоғырлануға қатысушылар жалпы өтініш ұсынады. Өтініштерді қарауға қажетті құпия ақпаратты уәкілетті органға осы тұлғалар жеке-жеке ұсына алады.

2. Егер келісім (келісілген іс-әрекет) немесе экономикалық шоғырлану конкурстық рәсімдер (аукциондар, тендерлер, конкурстар) қолданумен өткізілген жағдайда, өтініш конкурс рәсімі басталғанға дейін де, конкурс аяқталғаннан кейін де, бірақ жеңімпаз жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгедей көзделмесе, ұсынылуға тиіс.

### **19-бап. Келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтініштерді қарау**

1. Өтініш ол түскен күннен бастап он бес күн аяқталғаннан кейін, егер осы уақыт ішінде уәкілетті орган өтінішті өтініш берушіге оны және уәкілетті орган бекіткен талаптарға жауап бермейтін басқа құжаттарды хабарламамен қоса қайтармаса, қарауға қабылданды деп есептеледі.

2. Уәкілетті орган арызданушыдан және басқа тұлғалардан, егер оның болмауы істі қарауға, сондай-ақ сараптама бастауға кедергі келтіретін болса, қосымша ақпарат сұрата алады.

3. Келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтінішті қараудың мерзімі өтініш қарауға қабылданған сәттен бастап алпыс күннен аспауға тиіс. Осы мерзім ішінде арызданушы толық көлемде ақпарат ұсынған және сарапшының осы баптың 2-тармағына сәйкес қорытындысын алған күннен басталады. Егер уәкілетті орган өтінішті қараудың осы мерзім ішінде шешім қабылдамаса, келісім (келісілген іс-әрекет) жасасуға экономикалық шоғырлануды жүзеге асыруға рұқсат берілді деп есептеледі.

Келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы шешім қабылдаудың күні осы тармақтың 1-абзацында көзделген өтінішті қарау мерзімінің соңғы күні болып есептеледі.

4. Келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтінішті қарау уәкілетті органның немесе онымен басқа өтініштер байланысты соттың шешіміне дейін немесе онымен басқа мәселе байланысты мемлекеттік органның шешіміне дейін оның қаралуы мүмкін болмаған жағдайда, тоқтатыла тұрады. Келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтініштерді қарауды тоқтата тұру және оны жаңарту туралы уәкілетті орган арызданушы хабардар етілетін шешім қабылдайды.

Уәкілетті орган келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтінішті оны тоқтата тұрудың себебі болып табылатын жағдайлар жойылғаннан кейін қарауды жаңартады.

Келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтініштерді қарау мерзімі ішінде осы өтінішті қарау тоқтатылған күннен бастап тоқтатыла тұрады. Келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтініштерді қарау мерзімі ішінде қарау жаңартылған күннен бастап ж а л ғ а с а д ы .

5. Келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтініштерді қарағанда егер уәкілетті органның шешімі осы заңмен қорғалатын олардың құқықтары мен мүдделеріне елеулі нұқсан келтірсе, үшінші тұлғаның қатысуы м ү м к і н .

Келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтінішті қарауға қатысуға үшінші тұлғаларды тарту туралы мәселені уәкілетті орган шешеді. Үшінші тұлғаны тарту туралы уәкілетті орган шешім шығарады, ол туралы осы өтінішті қарауға қатысатын тұлға хабардар етіледі.

## **20-бап. Келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтініштер жөніндегі шешім**

1. Келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтінішті қараудың нәтижелері бойынша:

1) келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру т у р а л ы ;

2) келісімге (келісілген іс-әрекетке) тыйым салу туралы;

3) экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы;

4) экономикалық шоғырлануға тыйым салу туралы шешім қабылданады.

2. Келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы уәкілетті органның шешімі бәсекелестікке келісілген іс-әрекеттердің экономикалық шоғырланудың жағымсыз әсерін болдырмайтын немесе жұмсартатын

белгілі бір талаптар мен міндеттерді келісілген іс-әрекеттерге немесе экономикалық шоғырлануға қатысушылардың орындауына негізделуі мүмкін. Мұндай шарттар мен міндеттемелер, атап айтқанда, мүлікті басқару, пайдалану немесе иелік ету жөніндегі шектеуге, сондай-ақ рынок субъектісінің мүлікті иеліктен айыруды жүзеге асыру міндеттемелеріне қатысты болуы мүмкін.

Келісімге (келісілген іс-әрекетке) рұқсат белгісіз мерзімге немесе бес жылдан аспайтын мерзімге беріледі.

3. Келісім (келісілген іс-әрекет), экономикалық шоғырлану уәкілетті орган келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы шешім қабылдаған күннен бастап, егер шешімде өзгедей белгіленбесе, жыл ішінде жүзеге асырылуға тиіс. Егер келісім (келісілген іс-әрекет), экономикалық шоғырлану белгіленген мерзімде жүзеге асырылмаса, келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға қатысушылардың келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы жаңа өтініш беруге құқығы бар.

4. Осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат берудің қолданылу мерзімдерін айқындау тәртібін уәкілетті орган бекітеді.

5. Арызданушыға шешім, ал қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын мәліметтер болған жағдайда - уәкілетті органның шешімінен көшірме жіберіледі.

6. Шешім қабылдаған уәкілетті органның осы Заңның 33-бабында көзделген жағдайлардан басқа оны алып тастауға немесе өзгертуге құқығы жоқ. Оның шешімде жол берілген жаңылыс жазбаларды немесе нақты арифметикалық қателерді түзетуге, мұнымен оның мазмұнын өзгертпестен өзінің шешімін түсіндіруге, сондай-ақ егер өтініш қаралған кезде зерттелген қандай да бір мәселе бойынша шешім қабылданбаса, қосымша шешім қабылдауға құқығы бар.

Экономикалық шоғырлануға рұқсатсыз қайта ұйымдастырылған рынок субъектілерін мемлекеттік тіркеуді уәкілетті органның талабы бойынша сот жарамсыз деп тануы мүмкін.

## **21-бап. Келісімдер (келісілген іс-әрекеттер), экономикалық шоғырлану туралы алдын-ала қорытындылар ұсыну**

1. Уәкілетті орган алдын-ала қорытындылар ұсыну туралы арыздар мен оларға қоса берілетін ақпараттың негізінде рынок субъектілеріне келісімдер (келісілген іс-әрекеттер), экономикалық шоғырлану туралы алдын-ала қорытындылар ұсынады.

Келісімдер (келісілген іс-әрекеттер) немесе экономикалық шоғырлану туралы алдын-ала қорытындылар ұсыну туралы арыз отыз күннің ішінде қаралады.

2. Келісімдер (келісілген іс-әрекеттер), экономикалық шоғырлану туралы уәкілетті органның алдын-ала қорытындысы:

келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру мүмкіндігі туралы;

келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беруден бастарту мүмкіндігі туралы;

келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат алудың қажеттілігі немесе қажеттіліктің болмауы туралы;

қандай да бір алдын-ала келісім үшін ақпараттың жеткіліксіздігі туралы көрсетілетін хат түрінде ресімделеді.

3. Келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға алдын-ала қорытынды алу келісімдердің (келісілген іс-әрекеттердің), экономикалық шоғырланудың қатысушыларын, келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы өтінішпен осы Заңның 9 және 16-баптарында көзделген жағдайларда, уәкілетті органға жүгінудің қажеттілігінен босатпайды.

**22-бап. Келісімдер (келісілген іс-әрекеттер), экономикалық шоғырлану туралы өтініштерді және алдын-ала қорытындылар беру арыздарын қарауды тоқтату негізі**

1. Келісім (келісілген іс-әрекеттер), экономикалық шоғырлану туралы өтініштерді және алдын-ала қорытындылар беру арыздарын қарау мынадай жағдайларда:

1) арызданушылардан келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру өтініштерін немесе алдын-ала қорытындылар беру арыздарын қарауды тоқтатқан мүдделі тұлғалардың өтініштері мен арыздарынан немесе арыздардың түсуінен бастарту туралы хабарламалар түскен;

2) арызданушы уәкілетті орган белгілеген мерзімде, ақпарат бермеген, егер мұндай ақпараттың болмауы өтінішті қарауға кедергі келтірген жағдайларда тоқтатуға жатады.

2. Өтінішті қарау тоқтатылғаннан кейін арызданушы келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы жаңа арызбен уәкілетті органға жүгінуге құқылы.

**6-тарау. Бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықты тергеу және бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар туралы істерді қарау**

**23-бап. Бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылық туралы тергеу өткізуге арналған міндеттілік және себептері**

1. Осы Заңның 8, 13, 14-баптарын бұзудың себебі бойынша шешімдер шығару үшін уәкілетті орган тергеу жүргізуге міндетті.

Осы Заңның өзге де бұзылуына қатысты шешімді уәкілетті орган тергеу жүргізбей - ақ қабылдайды.

2. Бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарға тергеу жүргізу үшін мыналар себеп болады :

1) жеке және заңды тұлғалардың монополистік қызметтің нәтижесінде олардың құқықтарының бұзылуы туралы арызы;

2) бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы заңнаманың бұзылуы туралы мемлекеттік органдардың ұсынымы;

3) тауар рыноктарын, бұқаралық ақпарат құралдарының хабарларын және оның билігіндегі өзге де мәліметтерді талдаудың негізінде уәкілетті органның бастамашылығы .

3. Арыз түскен күннен бастап жеті күннен кешіктірмей уәкілетті орган мынадай шешімдердің :

1) бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуын тергеуді бастау туралы;

2) бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуына негіздемелердің болмауына байланысты тергеуді бастаудан бас тарту туралы шешімдердің біреуін қабылдайды.

Уәкілетті орган жоғарыда көрсетілген шешімдердің біреуін болжамдалған заң бұзушылық тиісті тауар рыногындағы бәсекелестік жағдайына елеулі әсер етуіне сүйене отырып қабылдайды.

#### **24-бап. Тергеу жүргізудің тәртібі**

1. Тергеу уәкілетті орган белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде, сондай-ақ осы тарауда көзделген талаптарды ескере отырып жүргізіледі .

2. Тергеу уәкілетті орган тергеудің басталуы туралы шешім шығарғаннан кейін ғана жүргізіледі. Уәкілетті органның тергеудің басталуы туралы шешімі:

1) уәкілетті органның атауын;

2) тергеуді жүзеге асырушы (жүзеге асыратын) тұлғаның (тұлғалардың) лауазымын, аты - жөнін ;

3) тергеуге алып келген себеп нұсқауын;

4) бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын болжанған бұзушылыққа тартылған мемлекеттік органдар рынок субъектілерінің тізбесін;

5) бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын болжанған бұзушылық нұсқауын қамтиды.



3. Тергеуді бастау туралы шешімге уәкілетті органның басшысы не өзге оларға уәкілетті тұлға қол қояды, уәкілетті органның мөрімен расталады және заңнамалық кесімдерде көзделген талаптарды ескере отырып арнаулы журналда, сондай-ақ бәсекелестікті қорғау жөніндегі орталық орган белгілеген тәртіппен тіркеледі.

4. Тергеу жүргізген кезде уәкілетті органның лауазымды тұлғасы рынок субъектісіне, мемлекеттік органға тергеуді бастау туралы шешім мен қызметтік куәлігін ұсынуға міндетті.

5. Тергеуді бастау туралы шешімі мен қызметтік куәлікті ұсынған кезде рынок субъектісі уәкілетті органның лауазымды тұлғасын оларға тиесілі аумаққа немесе үй жайға жіберуге және тергеу жүргізуге қажетті ақпараттар алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

6. Тергеу жүргізетін уәкілетті органның лауазымды тұлғасын көрсетілген аумаққа немесе үй-жайға жіберуге кедергі келтірген жағдайда хаттама жасалады. Хаттамаға тергеу жүргізетін уәкілетті органның лауазымды тұлғасы және рынок субъектісі қол қояды. Аталған хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, рынок субъектісі бас тартудың себебі көрсетілген жазбаша түсініктеме беруге міндетті.

7. Тергеудің нәтижелері туралы қорытынды жасаумен тергеу аяқталады. Тергеу нәтижелері туралы қорытынды бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы заңнаманы бұзушылықтың осы Заңның тиісті нормаларына сілтеме жасалған толық сипаттамасын қамтуға тиіс. Егер тергеу аяқталғаннан кейін бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы заңнама бұзылған деп белгіленбесе, онда бұл туралы тергеу нәтижелі туралы қорытындыда тиісті жазба жасалады.

8. Тергеу тергеудің басталуы туралы шешім қабылданған күннен бастап екі ай мерзімнен кешіктірілмей аяқталуға тиіс.

Қосымша зерттеу қажет болған жағдайда, көзделген мерзім уәкілетті органның шешімімен бір айға ұзартылуы мүмкін.

### **25-бап. Уәкілетті органның бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуын тергеу нәтижелері жөніндегі шешімі**

1. Уәкілетті орган бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуын тергеу нәтижелері бойынша мынадай:

1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға негіздердің болмауы туралы;  
2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы;  
3) материалдарды қылмыстық іс қозғау үшін құқық қорғау органдарына беру туралы шешімдер қабылдайды.

2. Уәкілетті органның шешімі арызданушының, мемлекеттік органның тиісті рынок субъектісінің және өзге де мүдделі тұлғалардың назарына жеткізіледі.

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органның басқармасы қарайды.

## **7-тарау. Мемлекеттік реттеу мен бақылаудың жекелеген нысандары**

### **26-бап. Үстем жағдайға ие рынок субъектілерін еріксіз бөлу**

1. Рынок субъектісінің үстем жағдайы мұндай жағдайдың жағымсыз салдарларын тиімді шектеуге ерекше мүмкіндік бермейтін болып табылған жағдайда, уәкілетті орган оны еріксіз бөлу немесе олардың құрамынан құрылымдық бөлімшелер базасында бір немесе бірнеше заңды тұлғалар бөліп шығару туралы егер бұл бәсекелестікті дамытуға алып келсе, сотқа жүгінуге құқылы.

2. Үстем жағдайға ие рынок субъектісін еріксіз бөлу (бөліп шығару) туралы шешім мынадай шарттардың жиынтығы:

1) оның құрылымдық бөлімшелерінің ұйымдық және аумақтық оқшаулану мүмкіндігі;

2) оның құрылымдық бөлімшелерінің арасында тығыз технологиялық өзара байланыстың (атап айтқанда, егер рынок субъектісі тұтынып отырған оның құрылымдық бөлімшесі тауарларының көлемі осы құрылымдық бөлімше өндіретін тауарлардың жалпы көлемінің отыз пайызынан аспаса) болмауы;

3) қайта ұйымдастырудың нәтижесінде пайда болған заңды тұлғалардың тиісті тауар рыногында дербес жұмыс істеу мүмкіндігі болған жағдайда қабылданады.

3. Рынок субъектісін еріксіз бөлу, бөліп шығару туралы шешімді меншік иесі немесе ол уәкілеттік берген орган сот шешімінде көзделген талаптарды ескере отырып орындауға тиіс.

4. Еріксіз бөлу жүргізудің немесе қаржы ұйымын бөліп шығарудың шарттарын уәкілетті орган қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындайды.

### **27-бап. Тиісті тауар рыногындағы үлесі отыз бес пайыздан асатын рынок субъектілерінің уәкілетті органға ақпарат беру жөніндегі қосымша міндеттемелері**

1. Уәкілетті орган тиісті тауар рыногындағы үлесі отыз бес пайыздан асатын рынок субъектілерінің тізілімін жүргізеді, оның тәртібі бәсекелестікті қорғау жөніндегі орталық органмен айқындалады.

2. Тиісті тауар рыногындағы үлесі отыз бес пайыздан асатын рынок субъектісі

у әкілетті

органға:

- 1) бухгалтерлік есеп туралы заңнамаға сәйкес тоқсандық қаржылық есеп;
- 2) өзінің дауыс беретін акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан көп пайызын не халықтық акционерлік қоғам үшін - акцияларының бес және одан көп пайызын сату және (немесе) сенімді басқаруға беру туралы мәлімет;
- 3) ай сайын өндіріс (өткізу) көлемдері, босату бағалары және өндірілетін (өткізілетін) тауарлардың табыстылық деңгейі туралы ақпарат ұсынуға міндетті.

3. Осы баптың 1-тармағында көзделген рынок субъектісі уәкілетті органды тізілімге енгізілген рынок субъектісінің тауарына бағаның алдағы өзгеруі туралы және олардың өзгеру себептері туралы көтерудің себептерін растайтын негіздеуші материалдарды міндетті түрде ұсына отырып, отыз күн бұрын жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

4. Тізілімге енгізілген рынок субъектісі ұсынған құжаттарды қарау барысында уәкілетті орган рынок субъектілерінің тізіліміне енгізілген рынок субъектісінің үлесі тиісті тауар рыногында отыз бес пайыздан асатын тиісті сауалнама алған күннен бастап бес күндік мерзімде ұсынылуға тиісті бағаның өзгеру себептері туралы қосымша ақпарат сұратуға құқылы.

## **8-тарау. Осы Заңды бұзушылық үшін жауапкершілік**

### **28-бап. Осы Заңды бұзушылық**

О с ы      З а ң д ы      б ұ з у ш ы л ы қ :

- 1) бәсекелестікке қарсы келісім (келісілген іс-әрекет);
- 2) үстем жағдайды теріс пайдалану;
- 3) мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттері;
- 4) уәкілетті органның шешімінің, алдын-ала шешімінің орындалмауы немесе олардың толық көлемінде орындалмауы;
- 5) уәкілетті органның тиісті шешімін алмастан, егер мұндай рұқсат қажет болған жағдайда, экономикалық шоғырлану;
- 6) уәкілетті органға оларға не нормативтік құқықтық кесімдермен белгіленген мерзімде ақпарат ұсынбау;
- 7) уәкілетті органға оларға не нормативтік құқықтық кесімдермен белгіленген мерзімде толық көлемде ақпарат ұсынбау;
- 8) уәкілетті органға шынайы және (немесе) жалған ақпарат ұсыну;
- 9) уәкілетті органның лауазымды тұлғаларына өздерінің функцияларын орындау кезінде үй-жайға және аумаққа кіруіне кедергі жасау;
- 10) келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға қатысушылардың келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы негізделген шешімнің талаптары мен міндеттемелерін орындамауы болып табылады.

### **29-бап. Осы Заңды бұзушылық салдарлары**

Осы Заң бұзылған жағдайда, рынок субъектілері мемлекеттік органдар:

1) уәкілетті органның нұсқамаларына сәйкес бұзушылықты болдырмауға және оның салдарларын жоюға, алғашқы жағдайды қалпына келтіруге, шартты бұзуға, рыноктың басқа субъектісімен шарт жасасуға немесе оған өзгеріс енгізуге, уәкілетті орган заңнамаға сәйкес емес деп таныған кесімді алып тастауға, белгіленген шарттар мен мерзімдерді сақтай отырып бөлу немесе бөліп шығару нысанында қайта ұйымдастыруды жүзеге асыруға, нұсқамада көзделген өзге де іс-әрекетті орындауға;

2) сәйкес келтірілген залалдардың Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес орынын толтыруға;

3) уәкілетті органның әкімшілік жаза қолдану туралы қаулысын Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен орындауға міндетті.

## **9-тарау. Уәкілетті органның шешімдерін (нұсқамаларын) орындау, тексеру, қайта қарау, оған шағым жасау тәртібі**

### **30-бап. Уәкілетті органның шешімдерін (нұсқамаларын) орындау тәртібі**

1. Уәкілетті органның шешімін (нұсқамасын) рынок субъектісі, мемлекеттік орган шешімде (нұсқамада) көрсетілген мерзімде орындайды.

2. Шешім (нұсқама) орындалмаған жағдайда, уәкілетті орган рынок субъектісін уәкілетті органның шешімін (нұсқамасын) орындауға мәжбүрлеу туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы.

### **31-бап. Уәкілетті органның аумақтық органдарының шешімдерін (нұсқамаларын) тексеру**

1. Уәкілетті органның аумақтық органдары қабылдаған шешім (нұсқама) мүдделі тұлғалардың арыздары бойынша немесе жеке бастама бойынша бәсекелестікті қорғау жөніндегі орталық мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен тексерілуі мүмкін.

2. Шешімді (нұсқаманы) тексеру туралы арыз бәсекелестікті қорғау жөніндегі орталық мемлекеттік органға оған бағынышты аумақтық органдары шешім (нұсқама) қабылданған күннен бастап екі ай мерзімде берілуі мүмкін.

3. Бәсекелестікті қорғау жөніндегі орталық орган аумақтық органның шешімін (нұсқамасын) тексеру кезінде шешімді оны тексеру аяқталғанға дейін шешімді орындау тоқтатылуы мүмкін, бұл туралы мүдделі тұлғалар жазбаша хабардар етіледі.

4. Аумақтық органның шешімін (нұсқамасын) тексерудің нәтижелері бойынша бәсекелестікті қорғау жөніндегі орталық мемлекеттік органның:

1) шешімді (нұсқаманы) өзгеріссіз қалдыруға;

- 2) шешімді (нұсқаманы) өзгертуге;
- 3) шешімді (нұсқаманы) қабылдамауға;
- 4) жаңа шешім (нұсқама) қабылдауға құқығы бар.

### **32-бап. Уәкілетті органның шешімдерін (нұсқамаларын) қайта қарау**

1. Уәкілетті органның өз бастамасы бойынша не мүдделі тұлғаның өтініші бойынша  
м ы н а д а й ж а ғ д а й л а р д а :

1) егер заңсыз немесе негізсіз шешім қабылдауға алып келген елеулі оқиғалар уәкілетті органға белгілі болмаған және белгілі болуы мүмкін емес;

2) егер шешім заңсыз немесе негізсіз шешім қабылдауға алып келген жалған ақпарат негізінде қабылданған;

3) келісімдердің (келісілген іс-әрекеттердің), экономикалық шоғырланудың қатысушылары уәкілетті органның шешіміне негізделген талаптар мен міндеттемелерді о р ы н д а м а ғ а н ;

4) егер негізінде келісімге (келісілген іс-әрекетке), экономикалық шоғырлануға рұқсат беру туралы шешім қабылданған жағдай болмаған;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде көзделген басқа негіздер болған жағдайда, шешімді (нұсқаманы) қайта қарауы мүмкін.

Шешім қабылдаған уәкілетті орган оны қайта қарау аяқталғанға дейін шешімді орындауды тоқтата тұруы мүмкін, ол туралы іске қатысушы тұлғаны жазбаша түрде х а б а р д а р е т е д і .

2. Қайта қарау нәтижелері бойынша уәкілетті орган:
- шешімді (нұсқаманы) өзгеріссіз қалдырады;
  - шешімді (нұсқаманы) өзгертеді;
  - шешімді (нұсқаманы) қабылдамайды;
  - жаңа шешім (нұсқама) қабылдайды.

3. Егер шешімді қайта қарау нәтижелері бойынша уәкілетті орган экономикалық шоғырлануға тыйым салу туралы шешім қабылдаған жағдайда, экономикалық шоғырлану нәтижесінде құрылған рынок субъектісін мемлекеттік тіркеу уәкілетті органның талабы бойынша сот тәртібімен алынып тасталады.

### **33-бап. Уәкілетті органның шешімдеріне (нұсқамаларына) шағым жасау**

1. Уәкілетті органның шешімдері (нұсқамалары) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағым жасалуы мүмкін.

2. Уәкілетті органның аумақтық органдарының шешімдеріне (нұсқамаларына) бәсекелестікті қорғау жөніндегі орталық органға шағым жасауға:

- іс үшін маңызы бар жағдайларды толық анықтау;
- іс үшін маңызы бар жағдайлардың толық анықталмауы;
- іс үшін маңызы бар жағдайлардың дәлелсіздігі және белгіленген деп танылуы;

шешімде баяндалған тұжырымдардың, істің жағдайларына сәйкессіздігі; материалдық құқық нормаларын бұзу немесе қате қолдану негіз болып табылады.

3. Уәкілетті органның аумақтық органының шешіміне (нұсқамасына) ол шығарылған күннен бастап үш айдың ішінде шағым жасалуы мүмкін.

## **10-тарау. Қорытынды және өтпелі ережелер**

### **34-бап. Қорытынды ережелер**

1. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. "Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңының (Қазақстан Республикасының Парламенті Ведомостінің, 2001 ж., N 2, 13-құжат) күші жойылды деп танылсын.

### **35-бап. Өтпелі ережелер**

Осы Заңның 27-бабы 2005 жылғы 31 желтоқсаннан бастап күшін жояды.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*